

**Ажибеков Н. К., Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция капитаны**

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

### **Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу**

*Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысты профилактиканың жалпы және арнаулы шаралары мен оның жіктелуі қарастырылады.*

*Түйін сөздер: кәмелетке толмағандарға қарсы, қылмыстық құқық бұзушылық, бала құқығы, жауаптылық, жаза, виктимология.*

Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан — 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері — әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік» бөлімінде «Балалар — қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес.

Біздің топырағымызда туған кез келген сәби — қазақстандық. Және мемлекет оны қамқорлығына алуға тиіс» [і] — деп, балалар құқығына назар аударды.

Арнайы алдын алу шараларының тиімді болуына міндетті талаптардың бірі қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты түрлеріне қатыстылығы. Кейбір мамандардың айтуы бойынша қылмыстылықпен күресудің жалпы негіз алуы, жеке қылмыстық құқық бұзушылықпен күрес жұмыстарын жоққа шығарады. Сондықтан, кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды қол сұғу саласы мен жасалу түріне қарай алдын алу шараларын арнайы жіктеу қажет. Оларды келесідей жіктеп, қарастыруға болады: 1) кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы әрекеттер мен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартудың алдын алу шаралары; 2) кәмелетке толмағандарға қарсы сексуалдық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары; 3) кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгездік танытудың алдын алу шаралары. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу аясына қарай алдын алу шаралары одан әрі жіктеле келе, отбасы ішінде және отбасынан тыс та бола алады. Аталған жіктеулерде алдын алудың түрі мен әдістері әрқайсысы өз бағытына қарай принципті түрде бір-бірінен ерекшеленбейді.

Қазақстанның қазіргі жағдайында балалар құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, арнайы заңдық кепіл беру аясын қамтамасыз ету ерекше рөл атқарады. Соған қоса, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды ескерту, болдырмау және жолын кесу, жеке бас бостандығы мен құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау мәселелері келесідей құқықтық шараларды толық жүзеге асыруды талап етеді:

– нақты балалар құқықтарын жүзеге асырумен байланысты шараларды құқықтық қатынас амалдарымен тиімді реттеу;

– аталған бағытта заң шығару және нормативтік-құқықтық базаның сапасын жақсарту, оны жетілдіру;

– балалардың құқықтары мен мүдделеріне тура және жанама қатысты қылмыстық, азаматтық және тағы басқа істерді қарау барысында процессуалдық нормаларды мұқият талдау;

– бала құқығын бұзғаны үшін жауаптылық (жаза түрлерін) шараларын анықтау, кей жағдайларда тағайындалған жаза салыстырмалы түрде, ересектерге қатысты сондай қылмыстар үшін жеңіл жаза тағайындалып жатады.

Жеке өмірдің қауіпсіздігі мен құқықтарының қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ету үшін, келесі принципті ережелерге сүйенген дұрыс: отбасы мен балаларға қатысты адам

құқығы аясында халықаралық құқықтарды сақтау; заңдылық; ізгілік; отбасылық қатынастарды бұзатын діни, және басқа да дәстүрлерден сақтандыру; отбасында зорлық-зомбылық жасағаны үшін жауаптылық; жасалған зорлық-зомбылық жөніндегі ақпараттың құпиялығы; қолданылған шаралардың алдын алуға бағыттылығы; отбасы мүшелерінің өмірі мен денсаулығын қорғауда әлеуметтік-құқықтық жүйенің құрылуындағы қоғамдық, азаматтық институттардың қатысуы.

Шындығында, уақытылы және криминологиялық тұрғыдан негізделген кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды бағалау қиын. Аталған шараларды толық жүзеге асыру үшін алдын алу жұмыстарын сапалы орындауда тиісті кадрлардың кәсіби дайындығы да басты рөл атқарады.

Жоғарыда ұсынылған шаралар білікті кадр мамандармен қамтамасыз етілген жағдайда ғана өз нәтижесін бере алады. Бұл проблеманың бір бөлігін әлеуметтік жұмыстарды атқару үшін психолог мамандарды даярлайтын құрылған курстар, факультеттер, ЖОО-ның бөлімшелері атқара алады. Бірақ саннан, сапаға көңіл аударуды ұмытпау керек. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған мамандарды даярлаудың басым бағыты жоғары заңдық білім беретін жүйеге (соның ішінде ҚР ІІМ білім беру саласына) берілуі тиісті.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу әлеуметтік-құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар болғандықтан, кешенді түрде басқа да шаралармен қоса, әлеуметтік-медициналық шарасын қамтиды.

Бұл шара криминологияда кенжелеп қалған бағыттың біріне жатады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды ұйымдастыруда қылмыстың себептері мен шарттарына әсер ететін, алдын алудың ерекше бағытының бірі — виктимологиялық шараларды ұмытпауымыз керек. Д. В. Ривман еңбегінде «Виктимологиялық алдын алудың негізгі идеясы — қылмысты құқық бұзушылықтың нақты және құрбан болуы мүмкін құрбандарының қатарынан табылмас үшін, оң әсер ететін қорғану мен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шараларды сол адамдармен қолдану» [ii] — деген.

Базалық жалпы әлеуметтік виктимологиялық бағдарламалар қатарына бұрыннан бар, қоғаммен, мемлекетпен тұрғын үй мәселесі, отбасын нығайту, аналар мен балаларды қорғау, тұрмыс, еңбек, демалыс жағдайын шешуге байланысты жүргізілген шараларды жатқызуға болады. Аталған шаралар тек тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеруді ғана қамтымайды, соған қоса, жеке адамдар қатынасындағы қақтығыстар мен шиеленістерді төмендетіп, тұрмыстық және жан-жалдық виктимділік ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді.

Нақты виктимологиялық шаралардың бағыттылығы бойынша бірінші орын қатарына — құрбан болуы мүмкін жәбірленушінің қорғану жағдайын күшейту болып табылады: арнайы сақтық шаралары жазылған жаднамалар дайындап, тарату, кәмелетке толмағандармен және оның ата-аналарымен тікелей бағытталған әңгімелер жүргізу, қылмыскерлердің белгілері жайында тұрғындарды ақпараттандыру және басқалары.

Сонымен қатар, виктимологиялық алдын алу шаралары жергілікті деңгейде ғана жүргізілетіндігін атап өтуге болады. Қазақстанда виктимологиялық алдын алуға, қылмыстық құқық бұзушылық құрбандарына көмек беретін маманданған арнайы құрылымдар жоқ, бірақ бұндай қызметке сұраныс бар. Оларды құру қылмыстық құқық бұзушылық құрбаны — балаларға көмек беруде ұлттық бағдарламаларды жасап, жүзеге асыру жолындағы қадам болар еді.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды виктимологиялық алдын алу көлемінде үлкен рөлді құрбандарды әлеуметтік және психологиялық ақтау бағдарламалары атқарады, басқаша айтқанда, белгілі бір, бағытты шаралар арқылы қылмыстық құқық бұзушылық құрбанын қайтадан құрбанға айналмас үшін физикалық, психикалық, әлеуметтік, бірінші рет немесе қайталап қалпына келтіру, оңалту. Бұл жерде сөз келтірілген шығынның орнын толтыру, материалдық тұрғыдан емес, кәмелетке

толмаған жәбірленушіге бірінші кезекте психологиялық, психиатриялық, медициналық, әлеуметтік, педагогикалық және басқа да көмектер көрсету, екіншіден, жасөспірімнің қайталап виктимделуіне жол бермеу.

Мақала барысында қаралған талдаулар кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысты жалпы және арнаулы шаралар болғанымен, осы бағыттағы алдын алу қызметінің барлық бағыттарын қамти алмайтындығы сөзсіз. Себебі, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары көп аспектілі, кешенді, материалдық тұрғыдан да көп шығындарды қажет етеді, мемлекеттің және қоғамның түрлі құрылымдарының үйлесімді жұмысында жатыр.

---

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

i. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан — 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

ii. Ривман Д. В. Виктимологические аспекты общей профилактики преступлений // Уголовно-правовые и криминологические меры предупреждения преступлений. — Омск, 1986.

#### ***Резюме***

В статье раскрываются некоторые вопросы общей и специальной профилактики уголовных правонарушений против несовершеннолетних.

#### ***Resume***

In this scientific article the author investigates some questions of general and special prophylaxis of criminal offences against minors.